

2010 жылға арналған Алматы қаласы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXIII сессиясының 2009 жылғы 30 қарашадағы N 261 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2009 жылғы 25 желтоқсанда N 830 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы N 379 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXIII сессиясының 2010.12.13 N 379 шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз).

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (Салық кодексі) 495 бабы 9 тармағына және Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 19, 101баптарына сәйкес IV сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2010 жылға арналған Алматы қаласы бойынша қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары бекітілсін.

2. «Алматы қаласы бойынша 2009 жылға қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы» IV сайланған Алматы қаласы мәслихаты XIV сессиясының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 160 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде 2009 жылғы 26 қаңтарда № 806 болып тіркелген, «Алматы ақшамы» газетінде 2009 жылғы 31 қаңтардағы № 12 және «Вечерний Алматы» газетінде 2009 жылғы 31 қаңтарда № 12 сандарында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім 2010 жылдың 01 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау экология, денсаулық сақтау және төтенше жағдайлар мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға (Т.Ә.Ізмұхамбетов) және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Ә.Шормановқа жүктелсін.

*IV сайланған Алматы қаласы
мәслихаты XXIII сессиясының
төрағасы Т. Мұқашев*

I V с а й л а н ғ а н
А л м а т ы қ а л а с ы м ә с л и х а т ы н ы ң
X X I I I с е с с и я с ы н ы ң
2 0 0 9 ж ы л ғ ы 3 0 қ а р а ш а д а ғ ы
№ 261 шешіміне қосымша

2010 жылға арналған

Алматы қаласы бойынша қоршаған орта эмиссиялары үшін төлемақы ставкалары

1. Тұрақты көздерден ластағыш заттардың шығындылары үшін төлемақы ставкалары:

Рет №	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК)	1 тонна үшін төлемақы ставкалары, 2 коэф-тімен (АЕК)
1.	Күкірт тотықтары	10	20
2.	Азот тотықтары	10	20
3.	Шаң және күл	5	10
4.	Қорғасын және оның қосындылары	1993	3986
5.	Күкіртсутек	62	124
6.	Фенолдар	166	332
7.	Көмірсутектер	0,16	0,32
8.	Формальдегид	166	332
9.	Көміртегі тотықтары	0,16	0,32
10.	Метан	0,01	0,02
11.	Күйе	12	24
12.	Темір тотықтары	15	30
13.	Аммиак	12	24
14.	Алты валентті хром	399	798
15.	Мыс тотықтары	299	598
16.	Бенз(а)пирен	498,3 1 кг үшін	996,6 1 килограмм үшін

2. Қозғалмалы көздерден атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығындылары үшін төлемақы ставкалары:

Рет №	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК)	1 тонна үшін төлемақы ставкалары, 2 коэф-тімен (АЕК)
1.	Этиленбенген бензин үшін	0,33	0,66
2.	Дизель отыны үшін	0,45	0,9
3.	Сұйытылған, сығылған газ үшін	0,24	0,48

3. Жер үсті су қоймаларына ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары:

Рет №	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК)	1 тонна үшін төлемақы ставкалары * , 2 коэф-тімен (АЕК)
1.	Нитриттар	670	1340
2.	Мырыш	1 340	2680
3.	Мыс	13 402	26804
4.	Оттегіне биологиялық сұраныс	4	8
5.	Тұзды аммоний	34	68
6.	Мұнай өнімдері	268	536

7.	Нитраттар	1	2
8.	Жалпы темір	134	268
9.	Сульфаттар (анион)	0,4	0,8
10.	Өлшенген заттар	1	2
11.	Синтетикалық бетүсті-белсенді заттар	27	54
12.	Хлоридтер (анион)	0,1	0,2
13.	Алюминий	27	54

4. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін төлемақы ставкалары:

Рет №	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК)	1 тонна үшін төлемақы ставкалары*, 2 коэф-тімен (АЕК)
1. Өндіріс пен тұтынудың қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы берілген орындарда орналастырғаны үшін:			
1.1.	Коммуналдық қалдықтар (тұрмыстық қатты қалдықтар, тазарту құрылғыларының кәріздік тұнбасы)	0,19	0,38
1.2. Қауіптілік деңгейін ескере отырып, өнеркәсіптік қалдықтар:			
1.2.1.	«қызыл» тізім	7	14
1.2.2.	«янтарь» тізім	4	8
1.2.3.	«жасыл» тізім	1	2
1.2.4.	жіктелмегендер	0,45	0,9
1.3. Бұдан басқа:			
1.3.1.	аршынды жыныстар	0,002	0,004
1.3.2.	жанас таужыныстары	0,013	0,026
1.3.3.	байыту қалдықтары	0,01	0,02
1.3.4.	шлактар, шламдар	0,019	0,038
1.3.5.	күл мен күлшлактар	0,33	0,66

1.3.6.	ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары	0,009	0,018
--------	--	-------	-------

5. Радиоактивтік қалдықтарды орналастырғаны үшін, гигабеккерельмен (Гбк)

:

Рет.№	Ластағыш заттардың түрлері	1 гигабеккерель (Гбк) үшін төлемақы ставкалары (АЕК)	1 гигабеккерель (Гбк) үшін төлемақы ставкалары *, 2 коэф-тімен (АЕК)
2.1.	Трансуранды	0,38	0,76
2.2.	Альфа-радиоактивті	0,19	0,38
2.3.	Бета-радиоактивті	0,02	0,04
2.4.	Шынақты радиоактивті көздер	0,19	0,38

*IV сайланған Алматы қаласы
мәслихаты XIII сессиясының
төрағасы Т. Мұқашев*